

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Инвестициялық қор активтерінің, инвестициялық қордың таза активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының есепті құнын және акционерлік инвестициялық қордың акцияларын сатып алу бағасын есепке алу және айқындау ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 21 тамыздағы N 259 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 5 тамыздағы N 188 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 15 қыркүйек Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5791 болып енгізілді

Қолданушылардың назарына !!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз

Бағалы қағаздар нарығын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Агенттік Басқармасының "Инвестициялық қор активтерінің, инвестициялық қордың таза активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының есепті құнын және акционерлік инвестициялық қордың акцияларын сатып алу бағасын есепке алу және айқындау ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 21 тамыздағы N 259 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3124 тіркелген), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Инвестициялық қор активтерінің, инвестициялық қордың таза активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының есепті құнын және акционерлік инвестициялық қордың акцияларын сатып алу бағасын есепке алу және айқындау ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 21 тамыздағы N 259 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2008 жылғы 28 наурыздағы N 40 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5208 тіркелген), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Инвестициялық қор активтерінің, инвестициялық қордың таза активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының есепті құнын және акционерлік инвестициялық қордың акцияларын сатып алу бағасын есепке алу және айқындау ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 21 тамыздағы N 259 қаулысына толықтыру енгізу туралы" 2008 жылғы 29 қазандағы N 171 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N

5396 тіркелген) енгізілген өзгеріс пен толықтырумен бірге мынадай өзгерістер мен
т о л ы қ т ы р у л а р е н г і з і л с і н :

көрсетілген қауымен бекітілген Инвестициялық қор активтерінің, инвестициялық
қордың таза активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының есепті құнын және
акционерлік инвестициялық қордың акцияларын сатып алу бағасын есепке алу және
а й қ ы н д а у е р е ж е с і н д е :

3 - т а р м а қ т а :

4) тармақшада ":" деген тыныс белгісі ";" деген тыныс белгісімен аудыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 5), 6), 7) және 8) тармақшалармен толықтырылсын:
"5) инвестициялық қор активтерінің құрамына енгізілген қаржы құралдарының
с а н ы ;

6) инвестициялық қор активінің соңғы ағымдағы құны және оның номиналды құны
(борыштық бағалы қағаздар үшін) немесе баланстық құны (акциялар үшін);

7) инвестициялық қор активін сатып алу күні және оның сатып алу құны;

8) қаржы құралдары бойынша есептелген кіріс сомасы, оның ішінде қаржы
құралдары б о й ы н ш а с ы й а қ ы .";

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Инвестициялық қор активтерінің құрамында қаржы құралын тану, сондай-ақ
қаржы құралын есептен шығару мәмілені кастодианның немесе орталық
депозитарийдің есепке алу жүйесінде тіркеу күніне жүзеге асырылады.";

7 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлігінде "сауда-саттықты ұйымдастырушының" деген сөздер "кор
биржасының" деген сөздермен аудыстырылсын;

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес
шығарылған қаржы құралдар жұмыс күнінің соына Bloomberg немесе Reuters
ақпараттық-талдау жүйелерінің деректері бойынша алдыңғы сауда күнінің орташа
мөлшерленген мәмілелердің бағасы бойынша бағаланады.";

мынадай мазмұндағы 7-2, 7-3, 7-4, 7-5 және 7-6-тармақтармен толықтырылсын:

"7-2. Басқарушы компания ай сайын инвестициялық қордың активтерін құрайтын
қаржы құралдарына құнсыздануы бойынша тестілеу жүргізеді.

Құнсыздану бойынша тестілеуге эмитент банкрот болған жағдайда, сондай-ақ
дефолт немесе делистинг жарияланған инвестициялық қорының активтерін құрайтын
қаржы құралдары жатады. Осындай қаржы құралдары құнсызданған жағдайда олардың
әділ бағасын анықтау құнсыздану әдістемесіне (бұдан әрі - Әдістеме) сәйкес жүзеге
а с ы р ы л а д ы .

7-3. Бағалы қағаздардың құнсыздануына жүргізілетін тестімен құнсыздануды
танудың мынадай критерийлері анықталады:

1) эмитенттің қаржылық жай-куйі;

- 2) кез келген төлемдердің өтеу мерзімін өткізу;
- 3) кепілдіктердің болуы;
- 4) белсенді нарықтың болуы;
- 5) рейтингтің болуы.

Акциялардың құнсыздануына тестілеу жүргізу кезінде осы тармақтың 1), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген критерийлер қолданылады.

Борыштық бағалы қағаздардың құнсыздануына тестілеу жүргізу кезінде осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген критерий қолданылмайды.

Әрбір критерий бойынша осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес балл беріледі. Баллдар сомасы бағалы қағаздардың жіктеу санатын анықтаған кезде қолданылады. Актив бойынша алған баллдар санына қарай оның жіктеу санаты және осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес қажетті құнсыздану мөлшері белгіленеді.

7-4. Эмитенттің қаржылық жай-күйі, қаржылық жай-күйін бағалау тәртібін, әдісін, тәсілдерін, қажетті құжаттар тізбесін және эмитенттің қаржылық жай-күйін анықтауға мүмкіндік беретін өзге де қабылдауға болатын ақпаратты қамтитын Әдістемеге сәйкес бағаланады. Әдістеме басқарушы компанияның басқару органымен бекітіледі және оның есеп жүргізу саясатының ажырамас бөлігі болып табылады. Әдістеме эмитенттің қаржылық жай-күйін сипаттайтын мынадай негізгі көрсеткіштерді:

1) эмитенттің өз міндеттемелерін қамтамасыз етуге қабілеттілігін ашып көрсететін, Әдістемеде белгіленген тиісті коэффициенттер жиынтығына қарай есептелетін төлем қа блеттілігін;

2) капиталдың құрылымын, кірістілік деңгейін (соңғы күнтізбелік жылғы динамикасымен), Әдістемеде белгіленген тиісті коэффициенттер жиынтығына қарай есептелетін рентабельділігін ашып көрсететін қаржылық тұрақтылығын;

3) эмитент өзінің қаржылық жай-күйін жақсарту үшін қолданатын шараларды қамтиды.

7-5. Эмитенттің қаржылық жай-күйі былайша жіктеледі:

1) тұрақты – эмитенттің қаржылық жай-күйі тұрақты: эмитент төлеуге қабілетті; коэффициенттердің мәні Әдістемеге сәйкес, жалпылама қабылданған нормалар шегінде есептелген;

бизнесің дамуы үшін жағымды нарықтық жағдайлары бар, сондай-ақ нарықтағы бәсекелестік позициясы жақсы;

ресурстар мен капитал нарығына еркін қол жетімділігі бар, бағалы қағаздарды шығару мерзімі ішінде эмитенттің қаржылық жағдайын елеулі нашарлатуға әкелетін сыртқы немесе ішкі факторлары анықталмаған;

эмитенттің өзінің міндеттемесі бойынша есеп айырысу мүмкіндігі күмән туғызбайды;

эмитенттің активтері мен міндеттемелері мерзімдер бойынша шамалас келеді;

2) қанағаттанарлық – осы санаттағы әмитенттің қаржылық жай-күйі "тұрақты" сипатындағы жақын келеді, бірақ оны ұзақ уақыт осы деңгейде ұстап тұру ықтималы төмен

б о л ы п

т а б ы л а д ы .

3) тұрақсыз – әмитент мынадай факторлардың себебінен өзінің міндеттемелері бойынша есеп айырыса алмайды деген ықтималы бар:

әмитенттің қаржылық жай-күйінің тұрақты және елеулі нашарлауының белгілері бар (әмитент қабылдаған шаралар қаржылық жай-күйінің тұрақтандыруы үшін тиімді е м е с) ;

әмитенттің материалдық залалға ұшыратқан, бірақ оның қызметін тоқтатуға әкелмеген төтенше немесе өзге жағдайлардың болуы;

4) өте қыын – әмитенттің қаржылық жай-күйінің тұрақты нашарлауы сыни деңгейге ж е т т і :

төлеуге қабілетсіз, әмитент банкрот болуы немесе өзге түрдегі қайта құрылуы ы қ т и м а л ;

шарт талаптарын бұзуы (пайыз немесе негізгі борыш сомасын төлемеу немесе төлеу м е р з і м д е р і н б ұ з у) ;

бағалы қағаздар ұстаушының әмитентке талап ету құқығын беру, өзге жағдайда ол б е р і л м е й т і н е д і ;

әмитенттің материалдық залалға ұшыратқан және (немесе) оған өзінің қызметін жалғастыруға мүмкіндік бермейтін төтенше жағдайлардың болуы.

Есептен шығару мөлшері бағаланатын бағалы қағаздың санатына байланысты болады, ол осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес анықталады:

он пайызға – "1-санаттағы күмәнді" жіктеу санаты үшін,

он бес пайызға – "2-санаттағы күмәнді" жіктеу санаты үшін,

жиырма бес пайызға - "3-санаттағы күмәнді" жіктеу санаты үшін",

елу пайызға – "қанағаттанарлықсыз" жіктеу санаты үшін.

Қаржы құралы үшін ашық сауда тоқтатылуына байланысты белсенді нарықтың жоғалуы құнсыздануға растау болып табылмайды. Әмитенттің кредиттік рейтингінің төмендеуі құнсызданудың растауы болып табылмайды. Қаржы құралының әділ құнының нақты шығындардан немесе амортизацияланған құнынан төмен төмендеуі құнсыздануының растауы болып табылады. Барлық жоғарыда аталған оқиғалар басқа қол жетімді деректермен жиынтығында қаралады.

7-6. Акциялардың құны олардың белсенді нарығының болмауы салдарынан әділ құнын анықтауға мүмкіндік болмаған жағдайда сәйкестендірілген құны бойынша а н ы қ т а л а д ы .

Бұл ретте сәйкестендірілген құны қор биржасының ресми сайтында тоқсан сайын жарияланатын қаржылық есептіліктің негізінде айқындалатын баланстық құнына мынадай сәйкес келтіру кезеңдерін ескере отырып, акциялардың ағымдағы құнын біркелкі өзгерту арқылы анықталады:

он екі ай ішінде, егер ағымдағы құны баланстық құнынан 1-1,5 есе ауытқыса;

жиырма төрт ай ішінде – егер ауытқу 1,5-2 есені құраса;

отыз алты ай ішінде – егер ауытқу 2 – дең астам есені құраса.

Басқарушы компания немесе өзінің активтерін дербес басқаратын акционерлік инвестициялық қор 2010 жылғы 1 шілдеге дейін сатып алған акциялар сәйкестендірілген құны бойынша есепке алынады, 2010 жылғы 1 шілдеден бастап сатып алынған акциялар – баланстық құны бойынша есепке алынады.

Осы қаулының мақсаттары үшін баланстық құны деп эмитенттің қаржылық есептілігінің негізінде анықталатын акциялардың құны танылады.

Инвестициялық қордың активтерін құрайтын, бұрын қор биржасының тізіміне енгізілмеген қаржы құралдары басқарушы компанияның есеп жүргізу саясатына сәйкес е с е п к е а л ы н а д ы .

Эмитенттің қаржылық жай-күйінің нашарлауына байланысты емес себептермен қор биржасының тізімінен алынып тасталған пайлар таза активтер құны бойынша бағалаңады . " ;

мынадай мазмұндағы 14-1-тармақпен толықтырылсын:

"14-1. Тәуекелді инвестициялау инвестициялық пай қорының пайын қоспағанда инвестициялық пай қоры пайының есептелген құны күнделікті басқарушы компанияның ресми сайтында орналастырылады.";

осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес редакцияда 1-қосымшамен толықтырылсын; осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес редакцияда 2-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы 2010 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (М.Ж. Хаджиева):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастыры" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

4. Агенттік Төрайымының қызметі (А.Ә. Кенже) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында осы қаулыны жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымның орынбасары А.Ә. Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова

Қазақстан

Республикасы

Қаржы

нарығын

және

қаржы

ұйымдарын

реттеу

мен

қадағалау

агенттігі

Басқармасының

2

0

0

9 жылғы

5

т а м ы з д а ф ы

N 188 қаулысына 1-қосымша

"Инвестициялық қор инвестициялық қордың активтерінің, құнын, инвестициялық таза активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының есепті құнын және акционерлік инвестициялық қордың акцияларын сатып алу бағасын есепке алу және айқындау ережесіне 1-қосымша

Бағалы қағаздардың құнсыздануын тану критерийлері

	Критерийдің атавы	Баллдар саны
1	Қаржылық жай-қүйі:	
1.1	Тұрақты	+0
1.2	Қанағаттанарлық	+1
1.3	Тұрақсыз	+2
1.4	Өте киын	+5
2	Кез келген төлемдердің өтеге мерзімін өткізу:	
2.1	Мерзім өткізу жоқ	-1
2.2	Мерзімі 7 күнге дейін өткізілген	+0
2.3	Мерзімі 8-ден 15 күнге дейін өткізілген	+1
2.4	Мерзімі 16-дан 30 күнге дейін өткізілген	+2
2.5	30 күннен астам	+3
3	Кепілдіктің болуы:	
3.1	Қазақстан Республикасы мемлекетінің (негізгі борыш пен сыйақының 100% кепілдігі болған кезде)	-4
3.2	Қазақстан Республикасы мемлекетінің (негізгі борыш пен сыйақының 100%-дан аз кепілдігі болған кезде)	(баллдар сомасы кепілдік мөлшеріне пропорционалды есептеледі "- 4"-тен)
3.3	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A-" төмен емес рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетел мемлекетінің	-3
3.4	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері	-3
3.5	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A-" төмен емес рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетел эмитентінің	-2
3.6	Кепілдігі жоқ	+0
4	Белсенді нарығының болуы:	
4.1	Белсенді нарық	+0
4.2	Нарығы белсенді емес	+1
5	Рейтингінің болуы:	
5.1	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A" төмен емес рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар	-4
5.2	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A"-тен "BBB"-ке дейін рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар	-3

5.3	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шекілі бойынша "BBB"-тен төмен рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар	-2
6	Рейтингі жоқ	
6.1	"бірінші шағын санатының рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар" шағын санатына енгізілген борыштық бағалы қағаздар	-1
6.2	"екінші шағын санатының рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар" шағын санатына енгізілген борыштық бағалы қағаздар	+0
7	Эмитенттердің көр биржасы тізімінің "акциялар" секторының бірінші санатына кіретін акциялары және олар бойынша депозитарлық қолхаттар	-1
7.1	Эмитенттердің көр биржасы тізімінің "акциялар" секторының екінші санатына кіретін акциялары және олар бойынша депозитарлық қолхаттар	0
8	Көр биржасы тізімінің буферлік санатына енгізілген борыштық бағалы қағаздар	+1
9	Дефолт, делистинг немесе рейтингтің төмендеуі	+2
10	Бағалы қағаздардың орналастырылуын тоқтата тұру (үәкілетті органның орналастыруды тоқтата тұру туралы шешімі)	+2
11	Ақпарат жоқ	+10

Бағалы қағаздарды құнсыздандыру үшін осы критерийлерді қолданған кезде рейтингтік бағасы және листинг санаты болған жағдайда рейтингтік бағасы алынады.

1-ге дейін (қоса алғанда) баллдар сомасын алған жағдайда – бағалы қағаз стандартты д е п жіктеледі.

Баллдар сомасы 2-ден 4-ке дейін (қоса алғанда) болған кезде – бағалы қағаз 1-санаттағы күмәнді д е п жіктеледі.

Баллдар сомасы 5-тен 7-ге дейін (қоса алғанда) – бағалы қағаз 2-санаттағы күмәнді д е п жіктеледі.

Баллдар сомасы 8-ден 10-ға дейін (қоса алғанда) – бағалы қағаз 3-санаттағы күмәнді д е п жіктеледі.

Баллдар сомасы 10-нан астам болған кезде қанағаттанарлықсыз деп жіктеледі.

Бағалы қағаз әмитентінің банкрот болған жағдайда осы бағалы қағаз нөлге дейін біржолғы есептен шығарылады".

Қазақстан Республикасы

Қаржы нарығын және қаржы

үйымдарын реттеу мен қадағалау

агенттігі Басқармасының

2009 жылғы 5 тамыздығы

N 188 қаулысына 2-қосымша

"Инвестициялық кор активтерінің, инвестициялық қордың таза активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының

есепті құнын және акционерлік инвестициялық қордың акцияларын сатып алу бағасын есепке алу және айқындау ережесіне 2-қосымша

Бағалы қағаздар құнсыздануының қажетті мөлшері

Баллдар сомасы	Бағалы қағаздардың жіктеу санаты	Құнсыздандының қажетті (барынша төмен) мөлшері
1	Стандартты	0%
2-4	1-санаттағы күмәнді	10%
5-7	2-санаттағы күмәнді	15%
8-10	3-санаттағы күмәнді	25%
10 астам	Қанағаттанарлықсыз	50%

".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК